

ӘОЖ 81-119

FTAXP 16.21.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.013>

ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

* Рысмагамбетова Н.А.¹, Тектіғұл Ж.О.²

*^{1,2}Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада лингвомәдениет және концептуалдық зерттеулерге сәйкес лингвистикалық білімнің антропоцентристік парадигмасы аясында әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипаты зерттелген. Тіл мен мәдениет сабақтастығы арқылы әзіл-оспақ дискурсында көрініс табатын ұлттық таным мен құндылықтар айқындалады. Зерттеу барысында әзіл-оспақ дискурсында қолданылған тілдік және мәдени элементтер мен олардың мәдени ерекшеліктері тыңдаушының немесе оқырманның мәдени аясына тікелей әсер ететіндігі қарастырылады. Лингвистика бұл әрқашан адамдағы тіл және тілдегі адам туралы ғылым болып табылатыны тұжырымдалған.

Адам қандайда бір тілді меңгеру барысында сол тілдің мәдениетін зерттеушіге айналады. Осы тілдің мәдени ерекшеліктерін тануда, ол ұлыс (этнос) өкіліне деген түсініктің негізі, тіл мен мәдениеттің бір-бірінен ажыратылмайтындығы туралы айтуға болады. Бұл негіздемелер зерттеу объектісі тілде қалыптасқан халық мәдениетінің барлық көріністері болып табылатын лингвомәдениеттану ғылымын зерттеудің іргелі құрамдас бөліктері.

Ғылыми зерттеудің мақсаты- қазақ және ағылшын тілдеріндегі әзіл-оспақтарды саралай келе, олардың лингвомәдени сипаттамаларын анықтау және суреттеу.

Мақаланың негізгі бағыттары мен идеялары әзіл-оспақ дискурсы ұғымы туралы түсінік беру және сипаттау, қағытпа түсінігін қарастыру оның әзіл-оспақ дискурсындағы орнын анықтау, сипаттама беру.

Мақалада дискурстық-талдау, салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы-лингвомәдениеттану лингвистиканың ең үлкен зерттеу бағыты болып отырғандықтан, әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипатын айқындау. Әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипатын анықтау үшін дискурс мәселесіне қатысты зерттеушілердің анықтамалары мен тұжырымдамалары туралы айтылды.

Мақаланың практикалық маңызы- әзіл-оспақ дискурсы мен лингвомәдени зерттеулерде қосымша ақпарат көздері ретінде пайдалануға ұсынылады.

Тірек сөздер: әзіл-оспақ, дискурс, лингвомәдениет, лингвомәдениеттану, лингвистика, әзіл дискурсы, тіл, коммуникация

Кіріспе

«Дискурс» термині тілдің пәнаралық құбылыс ретінде қарастырылуы белең ала бастаған соң, оның мағыналары қайта қарастырылып, жаңа өзгертулер еніп, бұрынғы түсіндірілген мағынасынан айырылды. Қолданылу аясының кеңдігі сондай, бұл терминологиялық бірлікті полисемиялық бірлікке жатқызуға болады. Сондай-ақ бұл терминнің таралуын көлденең бағытта әртүрлі ғылымда, тік бағытта лингвистиканың әртүрлі деңгейінде дамығандығын көруге болады.

Соңғы кезде дискурс тақырыбын зерттеуге қызығушылық білдіріп жүрген қазақ ғалымдары да аз емес, олар Ғ.Әнес, А.Әділова т.б. З. Ш. Ерназарова өзінің зерттеу жұмысында «прагматиканы динамикадағы мәтін-дискурсты оны дүниеге келтіруші адаммен байланысты қарастыратын ғылым»- деп атайды [1].

Батыс Европа және американдық лингвистикалық дәстүрдің өкілдері (Т. ван Дейк, З.Харрис) дискурсты адресант және адресат өзара қарым-қатынасы айқын көрініс табатын ауызша және жазбаша түрде байланысы бар сөйлеу ретінде қарастырады. Бұл құбылысты коммуникация үдерісіне ілесетін (коммуникация мүшелері және олардың сипаттамалары туралы мағлұмат беретін әлеуметтік контекст, ақпаратты қабылдау және тарату ерекшеліктері, мәдени –идеологиялық фон т.с.с.) экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы ретінде анықтауға болады [2].

Француз тарихшысы және әлеуметтанушысы М. Фуконың тұжырымдамасы негізінде дамып келе жатқан германо-австриялық дискурсивті сараптама мектебінде (У.Маас, З. Егер, Ю. Линк, Ю. Хабермас, Р. Водак), дискурс идеологиялық және тарихи тұрғыдан шарттасқан менталдық негізінде тілді ерекше түрде реттелген және жүйеленген қолдану деп қарастырды.

Әзіл-оспақ дискурсы шындыққа деген ерекше күлкі қатынасымен сипатталады, ол әсер ету объектісінің іс-әрекетінде немесе ойында оған түбегейлі тән емес мүмкіндіктер өрісімен үйлесімде көрінеді. Түсіну осы үйлесімдікті қабылдауға және осы әзіл көзқарасымен білдірілген субъективті позицияны бағалауға байланысты. Әзіл-оспақ бұл мәдени құндылықтарды көрсетеді, сондай-ақ ішкі топтық біртұтастыққа ықпал ететіндіктен өзі де мәдени құндылыққа жатады. Әзіл-оспақтың құпиялық қызметі «өзінің» және «өзгенің» шегарасын белгілеуге көмектеседі. Ол коммуникацияға

қатысушылардың жалпы құндылықтарға көңіл бөлуімен жүзеге асады.

Әзіл-оспақ дискурсының құрылымында коммуникативтік ниет маңызды рөл атқарады. Көбіне, (адресант үшін әңгіменің қозғаушы мотиві қандай да бір күлкілі жағдай туралы айту болып табылады, ал адресат үшін адресанттың ішкі мотиві емес, коммуникативтік қарым-қатынас үдерісінің өзі маңызды[3].

Гуманитарлық ғылымдарда дискурстың бар екендігіне қазір сөз жоқ, бірақ осыдан бірнеше жыл бұрын ол үлкен сұрақ болды. Дискурстың бар жоқтығы туралы талас пікірталастар схоластикалық дискурс шын мәнінде эмпирикалық субстанция ретінде өмір сүрмейді, бірақ ол белгілі бір аспектілерде қарастырылатын сөйлеу құрылымын тану құралы ретінде нақты болып табылады. Бұл құбылыстың бар жоқтығы шешілгенімен, бұл терминнің мағынасы жағынан нақты түсіндірме әлі күнге дейін жоқ[4].

Дискурс-бұл әлеуметтік мәдени қарым-қатынасты құрайтын бөлігі, оның басты сипаты-қызығушылықтар, мақсаттар мен стилдер. Бұл анықтама дискурс дегеніміз жекелеген тілдік бірліктердің «жоғары сөйлемдерінде» құрастырылған бірліктері ғана емес, қызметі жағынан ұйымдасқан, тілдік бірліктің қолданыста контекстелген біртұтас жиынтығы.

Қазіргі лингвистикада мәтін бұл абстрактілі, бейресми құрылым, дискурс-экстралингвистикалық факторлармен байланысты менталды үдерістердің оның белсенділігінің әртүрлі түрі [2].

Т.А. ван Дейктің ойын жалғастыра отырып, Н.Н. Миронова тілді өзінің барлық коммуникант ретінде, әңгімелесу жүзеге асатын коммуникативтік жағдайда да қолданыла келе, жеке және әлеуметтік ерекшеліктерімен тарихи сан түрлі кезеңдерінен өтетін, дискурсты сөйлеу тасқыны ретінде сипаттайды. Бұл көзқараста өмірлік жағдаятқа әзіл-оспақ түрлерінде (қағытпада) кездесетін қандай да бір ұлттың менталитетін, мәдени мұра ретінде көрсететін жауап сипаттама бар. Дегенмен жеке дара мәдениет әрбір мәтінде кездескенмен қағытпаның авторлығы тұрақтанған дерек емес болғандықтан оны анықтау қиынға соғады [5].

В.Н. Ярцева, Н. Д.Арутюнованың редакциясымен басылған лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте дискурсқа мынадай түсініктеме береді: «сөйлеу адамдардың өзара әрекеттесуіне және олардың санасының механизмдеріне қатысатын құрамдас бөлігі ретінде, мақсатты әлеуметтік әрекет ретінде қарастырылады». Сондай-ақ, дискурс бұл өмір белсенділігіндегі сөйлеу, осы қасиеті оны «мәтіннен» ажыратады, себебі мәтінде белсенді өмірмен байланыс жоқ [4].

Мәтінді зерттеудің коммуникативтік тәсілі мәтіннің маңызды мағына құраушы компоненті ретінде коммуникативті жағдайларды талдауға негізделген. Коммуникациялық жағдайды зерттеу үшін прагматлингвистика категорияларын анықтап, негіздеу қажет. Прагматлингвистика мен әлеуметтік

лингвистиканың әртүрлі тұжырымдамаларына негіздей отырып, В.И. Карасик дискурсты мынадай категорияларға жіктейді:

Сөйлесу қарым-қатынасына түсушілер (статустық-рөлдік және жағдайлық-коммуникативтік сипаттары).

Сөйлесу қарым-қатынасының шарты (пресуппозиция, қарым-қатынас аясы, хронотоп, коммуникативті орта).

Сөйлесу қарым-қатынасын ұйымдастыру (мотивтер, мақсаттар мен стратегиялар, орналастыру және мүшелу, қарым-қатынасты бақылау және байланыс құралдарының өзгермелілігі).

Сөйлесу қарым-қатынасын жүзеге асыру жолдары (қарым-қатынас ағымы мен тәртібі, тональность, стиль, жанры) [3].

Нақты бір тілдің өкілі дискурстың қандай да бір түрі пайда болғанда, міндетті түрде сол халықтың әлеуметтік мәдени және менталды ерекшеліктері көрініс табатын, әртүрлі коммуникативті стратегиялар қолданады. Бұл өзара байланыс стратегиясы өз тілінде және шет тілінде мүлде әртүрлі болуы мүмкін.

Мәтіннің лингвомәдени тұрғыдан зерттелуінің түптамасы В. фон Гумбольдтың және оның ізбасарларының жұмыстарынан басталады. Олардың бағыты белгілі бір ұлттың тілі мен мәдениеті тұжырымдамаларында көрініс тапқан тарихи факторлармен шарттасқан менталитетінің ерекшелігіне байланысты зерттеу болып табылады. Дискурстың лингвомәдениеттану тұрғысынан алғандағы маңызды сипаты, оның құнды мәдени белгілері. Тілдің қызметтік сипаты оның мәдениеттегі орны, осыған сәйкес мәтіннің, қосымша мәтіннің және дискурс түрлерінің интермәтіндік байланысы лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны болады.

Дискурсты лингвомәдени тұрғыдан зерттеу, белгілі бір этностың сөйлеу қарым-қатынасы ерекшелігін анықтау, жалпы қарым-қатынас жасау кезіндегі өзін-өзі ұстау мәнерін анықтау, сәйкес қауымдастықтың мәдени доминанттарын менталды саланың бірліктері ретіндегі ұғымдар түрінде сипаттау, берілген тілдік мәдениет үшін прецедентті мәтіндерге қол жеткізу жолдарын анықтау мақсатында жүзеге асады [3].

Егер қолданылған тіл бірлігінің ұлттық мәдени мазмұнын дискурста түсушілердің бірі түсінбесе, қарым-қатынас сәтсіз, сөз әрекеті нәтижесіз болады [6].

Біз қарастырғалы отырған қазақ және ағылшын әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипаттамаларын анықтау және суреттеу мәселесі қазақ тіл білімінде салғастырмалы тұрғыдан арнайы, терең зерттелмеген деуге болады. Осы қырынан біздің зерттеуіміз өзекті болып табылады. Зерттеу жұмысында бұрын соңды терең қарастырылмаған әзіл-оспақ дискурсының қазақ және ағылшын лингвомәдени сипаттары екі тілдегі нақты әзіл материалдары негізінде талданады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада әзіл-оспақ дискурсы зерттеу нысаны ретінде алынуының мақсаты оның қоғам өміріндегі рөлінде, бұл дискурстың әлеуметтің арнамалы ұлттық-мәдени қырларынан көрініс беруімен байланысты. Әзіл-оспақты қолдана отырып қарым-қатынас жасаудың сипаттамасын зерттеу лингвомәдениеттану аспектісіне жататын болса, әзілді (қағытпаны) түсіну мәдениеттің жалпы контекстіне есептелінеді. Әзіл-оспақ әртүрлі формаларды, категорияларды және өрнектерді білдіретіндіктен, әзіл теорияларының саны көп, олардың ең танымалдары В.Раскин, С.Аттардо, В.И.Карасик, А.А.Зализняк және т.б. авторлығына жатады. Адамның субъективті болмысының көрінісі бола отырып, әзіл-сықақ және оны зерттеу көптеген ғалымдардың антропоцентристік көзқарасы контекстінде өзектілігін жоғалтпайды, олардың ішінде тіл білімі де бар.

Сондықтан зерттеу материалдары ретінде қазақ тіліндегі әзіл-қалжындар мен ағылшын тіліндегі қағытпалар (анекдоттар) алынды. Әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипатын анықтау мақсатында іріктелген зерттеу материалдары лингвомәдени аспектіде қарастырылады.

Әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипатын анықтау мақсатында дискурстық талдау және салғастырмалы зерттеу әдістері қолданылды.

Дискурстық-талдау арқылы екі тілдегі әзіл-оспақтардың тіл формасы мен қызметі қарастырылады.

Салғастырмалы әдісті пайдалану арқылы қазақ-ағылшын лингвомәдениеттеріндегі әзіл-оспақтың жалпы және жеке ерекшеліктерін айқындау мүмкіндігіне ие боламыз. Бұл бір мәдениеттегі әзіл-оспақ дискурсының ұлттық ерекшеліктері мен құндылықтарын тіл мен мәдениетті байланыстыра отырып, олардың әзіл-оспақ дискурсындағы көріністерін суреттеуге бағытталған.

Зерттеу әзіл-оспақ дискурсы түрлі мәтіндік құрылымдарда және тілдің барлық мүмкін қызметтік стилдерінде кездесетінін көрсетеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тіл-бұл халық өзінің өткені мен осы шағын көретін айна. Онда халық өмірінің менталитеті, өнері, ауыз әдебиеті, діні мен басқа элементтері көрініс табады. В.И. Постовалованың пікірінше тіл-бұл әлемді, әлемнің әртүрі білімінің саналы және бейсаналы көрінісін, адамзат өміріндегі әлеуметтік маңызы бар тарихи оқиғаларды тұжырымдаудың ерекше әмбебап түрі [7].

Мәдени-тарихи құндылықтардың барлық вербальды түрлерін лингвомәдениеттану зерттейді. Біз лингвомәдениеттануда этномәдени фактілерді тіл арқылы зерттейміз [8]. Лингвомәдениеттану ғылым ретінде этномәдени ортада тілдік бірліктерді тауып, оларды түрлі тілдік формада талдайды.

Лингвомәдениеттануда тіл тек мәдениет қаруы ретінде ғана емес, ерекше ментальділікті көрсетуші ретінде болады. Мәдени құндылықтардың жүйесі тілде көрініс табады. Мәдениет, тіл және көңіл-күй арасында сөздер мен сөз тіркестерде көрініс тапқан, әлеуметтік мұраға қалған білім мен қарым-қатынастың тұтас кешенімен бекіген күрделі байланыс бар. Тілдік қағытпалардың мысалында-тілдік ойыннан тұратын қағытпаларда, мәдениет, менталитет және тіл сияқты лингвомәдени аспектілер анық көрініс табады [11].

Мақаланы жазу барысында қазақ халқына белгілі өнер және мәдениет қайраткерлерінің табан асты айтылған әзіл-оспақтары жинақталған *«Деген екен»* кітапшасының 50-ге жуық әзілі сараланып, бірқатары зерттеуде нақты мысалдар ретінде таңдалып алынды.

Әзіл-оспақ дискурсында әрбір ұлттың өзіндік мәдениеті мен өмір салтына сай ерекшеліктері мен лингвомәдени сипаттары қалыптасады.

Зерттеуімізде қазақ лингвомәдениетін сипаттайтын әзіл-оспақ дискурсының бірнеше нақты мысалдарын талдап көрсетеміз:

Жайлау мен қыстау

Қасым Тоғұзақов — «ұлтшылдардың» шылбырын сүйретіп, отыз жетінші жылдан бері Магадан жаққа үш барып, үш кайтып келген ақын. Тағдырдың ауыр жүгін әзілге артып жүретін аққөңіл ақын: «Алматы — жайлауым, Магадан — Алдан — қыстауым», — деп күледі екен[9].

Бұл әзілде қазақ халқының мәдени, менталды ерекшеліктері *«Алматы — жайлауым, Магадан — Алдан — қыстауым»* деген метафора арқылы беріліп отыр. Қазақ халқының дәстүрлі көшпелі мәдениеті көрініс табатын теңеу арқылы күлкілі әсер тудырып тұр. Ежелгі қазақ тарихында «жайлау» бұл көктем мезгілінде төрт түліктің жайылатын жері болса, «қыстау» бұл қыс мезгілінде суықтан аман-есен қыстап шығу үшін төрт түліктің мекендейтін орны. Алматы мен Магаданды *«жайлау»* мен *«қыстау»* арқылы беру әзіл-оспақ мәтініне терең мәдени сипат береді.

Үлкен есім

Сейіт Бұрабайда демалып жүргенде, бір жас жігітке көрген сайын «ассалаумағалайкум» деп сәлем беріп өтеді екен. Бұған әбден қысылған әлгі жігіт бір күні:

— Аға, жасыңыз үлкен және ылғи маған сәлем беріп өтетініңіз не? Мен ұялып жүрмін, — депті. Сонда Секең:

— Сенің жасың кіші болғанмен, атың үлкен ғой, Абай-жан, — деген екен[9].

Қазақ мәдениетінде *сәлем беру* бұл жәй бейресми құбылыс қана емес, сонымен қатар маңызды әлеуметтік акт, сәлем беру арқылы үлкенге құрмет, сәлемдесуші адамның тәрбиелілігі көрініс табады. Әдетте қазақ мәдениетінде жасы кіші адам бірінші болып сәлем береді. Сондықтан бұл

өзілдегі жас жігіт өзін қолайсыз сезіп қалды. Үлкен кісі оның атын сыйлап бірінші амандасатындығын жеткізеді. Бұл қазақтың ұлы ақыны, данышпан Абай Құнанбаев есімімен байланысты. Қазақ менталитетінде ұлттың ұлы тұлғаларын құрметтеу көрегендік пен тәрбиеліліктің нышаны. Жас жігіттің атын ұлы Абай атамыздың атымен баластырып, синтаксистік сәйкессіздік арқылы астарлы өзіл беріліп отыр.

«Үндемегін, ақырын!»

Бір күні Дәркембай Шоқпарұлы нағашы-жиен ретінде, өзінің қашаннан қалжыңдаса беретін журналист ағасы Бекболат Әдетовтың үйіне телефон шалып:

— Уа, Беке, не істеп жатырсыз? — депті. Үй тірлігіне қол ұшын беріп жатқан Бекең, қапелімде қылығын жасыра алмай:

— Пияз турап жатырмын,— депті.

Дәркембай: «Үйде жоқ-ау катының»,— десе, Бекболат: «Үндемегін, ақырын»,— депті

Сонда Дәркембай: «Солай ма еді, пақырым»,— деген екен! [9].

Қазақ мәдениетінде нағашы мен жиеннің қарым- қатынасы ерекше рөл атқарады. Қазақ дәстүріне сәйкес нағашылы-жиенді туыстар шектен тыс кетпей қалжыңдасуға рұқсат етілген. Бұл өзілде *катының, ақырын, пақырым* сөздерін ұйқастырып пайдалану арқылы күлкі тудырып тұр. Қазақта туыстық қатынастары жағынан өзіл-қалжың ойын сөздерді өзілдеп айту жиі кездесетін көрініс.

«Етке тойсам...»

Бір студент Сәбит Мұқановтан:

— Сіз бір отырғанда қанша жазып тастайсыз? — деп сұрайды.

Сәбең қуақылана өзілдей сөйлеп:

— Мен өзім етті көп жейтін қазақпын. Етке тойған күндері бір баспа табақтай нәрсені емін-еркін жазып тастаймын,— деген көрінеді[9].

«Етке тойсам...» – Қазақ мәдениетінде ет тойымды тағамның, молшылықтың, қонақжайлықтың белгісі. Қазақ халқының үлкен асы- ет, оны жеу адамның физикалық және рухани күшінің артуымен байланысты деген сенім бар. Мұнда жазушы өзінің күш-қуаты мен шабытын ұлттық ас арқылы сипаттап тұр. Бұл мысалда өзіл прагматикалық тәсіл арқылы беріліп отыр.

Салмақ салу

Өнер зерттеушісі Мұқаметжан Әлімбаев «Өнер» баспасында, белгілі жазушы, журналист Бекболат Әдетов «Қайнар» баспасында редактор болып қатар қызмет істеп жүргенде кезекті бір іс-сапармен Шығыс Қазақстан облысында бір уйде қонақта бас қосып отырса керек. Өзінің үйреншікті елгезек қалтымен Мұқаметжан: «Айпырмай, Беке-ай, мына жігіттер бізді қонақ үйге дейін көлікпен апарып тастаса жақсы

болар еді-ау», — деген уайымын жанындағы жайбарақат отырған Бекеңе бірнеше рет дегбірсізденіп қайталай беріпті. Бекеңнің жас шамасы да Мұқаметжаннан ересектеу, ұзын бойлы, етжеңділеу келген, кесек денелі сабырлы да салмақты адам ғой. Сәлден кейін: «Ту-у, Мұқаметжан-ай, сонша мазаң кетіп не болды саған?» Қонақ қойдан да жуас, май берсең де жей береді», — демеуші ме еді қазекем. Сен екеуіміз қонақызыз ғой, сабыр сақта да, салмағыңды салып отыра бермейсің бе? — депті. Отырыстың соңына таман Бекеңнің ойлағанындай баратын жерлеріне дейін жеткізіп тастау үшін бір жеңіл мәшине қонақтарды отырғызып алып, зымырап келе жатса, кенеттен дөңгелегі тарс етіп жарылып кетеді. Жолдың жиегіне таман тоқтатып қараса, жарылған Бекен отырған жақтағы дөңгелек болып шығады. Сонда тұрып қу тілді Мұқаметжан:—Әй, Беке-ай, салмақты да соншама сала ма екен? — деген екен[9].

Қазақ мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі-қонақжайлылық. Әзілде «Қонақ қойдан да жуас, май берсең де жей береді» деген мақал арқылы қазақ қоғамындағы қонақтың мінез-құлқын сипаттап тұр. Соңындағы Әй, Беке-ай, салмақты да соншама сала ма екен? деген сөйлем арқылы мәдениет қайраткерлерінің арасындағы әдемі әзіл көрініс табады. Бір қарағанда кекесін тәрізді болғанымен олардың арасындағы жақсы қарым-қатынас ниеті әдемі әзіл көрінісін береді.

Әзіл-оспақдискурсындағықазақлингвомәдениетікөрінісінсаралайтын болсақ. Қазақ мәдениеті ежелден үлкенді сыйлау, қонақжайлылық, мәдениет қайраткерлерінің арасындағы әзіл-қалжыңды қарым-қатынас мәселелерін жиі көтереді. Әзіл арасында мақал-мәтелмен сөйлеу, метафора, сөз ойыны, прагматикалық тәсілдер мен синтаксистік сәйкессіздік әзілді жеткізу құралдары болып табылады.

Сондай-ақ, интернет сайттарындағы ағылшын тіліндегі 50-ге жуық әзіл-оспақ мәтіндері сараланып бірқатары нақты мысалдар ретінде келтірілді. Зерттеуімізде ағылшын лингвомәдениетін сипаттайтын әзіл-оспақ дискурсының бірнеше нақты мысалдарын талдап көрсетеміз:

A man is driving down a country road, when he spots a farmer standing in the middle of a huge field of grass. He pulls the car over to the side of the road and notices that the farmer is just standing there, doing nothing, looking at nothing.

The man gets out of the car, walks all the way out to the farmer and asks him, «Ah excuse me mister, but what are you doing?»

The farmer replies, «I'm trying to win a Nobel Prize.»

«How?» asks the man, puzzled.

«Well, I heard they give the Nobel Prize to people who are out standing in their field» [10].

Бұл әзілде фермер өзінің егін алқабының ортасында ештеңе жасамай

тұрады. Өтіп бара жатқан адам фермердің не себепті тұрғанын сұрайды. Сонда ол Нобель сыйлығын алмақшы екенін жеткізеді. Бұл жерде әзіл *outstanding in their field* сөз ойыны арқылы беріліп отыр. Бұл сөздің тікелей мағынасы: *бір орында тұру* болса, екінші мағынасы: *өз саласының үздігі*. Ағылшын мәдениетінде Нобель сыйлығы бұл жоғарғы дәрежедегі қоғамның барлық мүшесі иеленуге тырысатын ерекше сый. Сондай-ақ фермер бұл ағылшын қоғамындағы әзілге жиі қолданылатын дәстүрлі кейіпкер.

You wouldn't believe what happened!

A police car pulls up in front of grandma Bessie's house, and grandpa Morris gets out. The polite policeman explained that this elderly gentleman said that he was lost in the park and couldn't find his way home.

«Oy Morris.» said grandma, «You've been going to that park for over 30 years! So how could you get lost?»

Leaning close to grandma, so that the policeman couldn't hear, Morris whispered, «I wasn't lost... I was just too tired to walk home» [10].

Бұл әзілде полиция Моррис қартты саябақта адасқандықтан үйіне алып келеді. Әжей таң қалып Морристің бұл саябаққа 30 жылдан бері барып жүргенін айтады. Қарт оның құлағына сыбырлап, үйге жаяу қайтуға шаршағандықтан осылай әрекет еткендігін жеткізеді. Бұл әзілде ағылшын мәдениетіндегі қарттар, саябақ, кешкі серуен ұғымы берілген. Ирония яғни қарт өзін-өзі адасқан адам кейіпінде көрсету арқылы күлкі әсерін тудырды.

Little Susan was mother's helper. She helped to set the table when company was due for dinner. Presently everything was on, the guest came in, and everyone sat down. Then mother noticed something was missing.

«Susan.» she said, «You didn't put a knife and fork at Mr. Smith's place.»

«I thought he wouldn't need them.» explained Susan. «Daddy says he always eats like a horse!» [10].

Әзілдің мазмұны анасына ас ішуге ыдыстарды дайындап жүрген Сюзан қонаққа шанышқы мен пышақ қоймайды. Анасы не себепті олай жасағанын сұрағанда. Қыз: «Әкем қонақ тамақты жылқы тәрізді жейді,-деді», -деп жауап береді. Ағылшын тіліндегі *eats like a horse* тіркесі *тамақты көп жейді* дегенді білдіреді. Ал кішкентай қыз оны тура мағынасында түсінеді, осылайша *сөз ойыны* арқылы әзіл туындайды. Сонымен қатар, мұнда ағылшын отбасының қонақты қалай күтетіні мен ағылшын мәдениетінде ыдыс-аяқты қою әдебіне ерекше мән берілетіндігін көреміз.

As a trucker stops for a red light

As a trucker stops for a red light, a blonde catches up. She jumps out of her car, runs up to his truck, and knocks on the door. The trucker lowers the window, and she says "Hi, my name is Heather and you are losing some of your load." The trucker ignores her and proceeds down the street. When the truck stops for another red light, the girl catches up again. She jumps out of her car, runs

up and knocks on the door. Again, the trucker lowers the window. As if they've never spoken, the blonde says brightly, "Hi my name is Heather, and you are losing some of your load!" Shaking his head, the trucker ignores her again and continues down the street. At the third red light, the same thing happens again. All out of breath, the blonde gets out of her car, runs up, knocks on the truck door. The trucker lowers the window. Again she says "Hi, my name is Heather, and you are losing some of your load!" When the light turns green the trucker revs up and races to the next light. When he stops this time, he hurriedly gets out of the truck, and runs back to the blonde. He knocks on her window, and as she lowers it, he says "Hi, my name is Kevin, it's winter in Canada and I'm driving the salt truck!" [10].

Аққұба қыз (блондинка) жүк машинадан бірнәрсе төгіліп келе жатқанын өз машинасынан көреді. Ол бұл туралы әрбір бағдаршамға тоқтаған сайын жүргізушіге барып ескертеді. Бірақ жүк көлік иесі мүлде үн қатпайды. Біраз жол өткен соң жүк көлік жүргізушісі жолға арнайы тұз бен құмды әдейі сеуіп келе жатқанын хабарлайды. Ағылшын мәдениетінде аққұба қыздарды аңқау етіп суреттеу арқылы әзіл тудыру көптеп кездеседі. Ал АҚШ-тың солтүстік штаттарында жолдарға құм мен тұз себу бұл күнделікті өмірде жиі кездесетін құбылыс. Бір жағдайды үш рет қайталап айту мен көпшілікке белгілі құбылысты түсінбеу тәрізді прагматикалық сәйкессіздік арқылы күлкі әсері туындап отыр.

Келесі ағылшын тіліндегі әзіл де осы аққұба қызға қатысты. *Мысалы:*

An airline captain was breaking in a very pretty new blonde stewardess. The route they were flying had a stay-over in another city, so upon their arrival, the captain showed the stewardess the best place for airline personnel to eat, shop and stay overnight.

The next morning as the pilot was preparing the crew for the day's route, he noticed the new stewardess was missing. He knew which room she was in at the hotel and called her up wondering what happened to her.

She answered the phone, sobbing, and said she couldn't get out of her room.

«You can't get out of your room?» the captain asked, «Why not?»

The stewardess replied, «There are only three doors in here.» she cried, «one is the bathroom, one is the closet, and one has a sign on it that says,

'Do Not Disturb'!»

Авиакомпания капитаны жаңа стюардессаны жұмысқа алады. Келесі жұмыс күні ол келмей қалады. Себебін сұрағанда, аққұба қыз қонақ үй есігіндегі *'Do Not Disturb'* (Мазаламаңыз!) деген жазуға қарап *шығуға болмайды* деп отырғандығын жеткізеді. Аққұба қызды әзілге қосу бұл ағылшын қоғамындағы қалыпты жағдай, мұндай әзілдерді көптеп кездестіруге болады.

Қорыта келе, ағылшын әзіл-оспақ дискурсында ағылшын лингвомәдениетінен хабардар ететін бірқатар қолданыстар мен мәселелер ерекшеленді. Олар: ағылшын қоғамындағы айрықша орны бар кәсіп-фермерлердікі. Жоғарыдағы әзілде көрініс тапқандай фермердің ерекше құрметті Нобель сыйлығын иемденуге тырысуы, оған жету соншалықты жеңіл деп топшылауы жұмыскердің аңғалдығынан хабар береді. Сондай-ақ ағылшын мәдениетінде айрықша орын алатын мәселе қонақ күтудегі дастархандағы ыдыс-аяқты қою тәртібі, ағылшын халқының өзіне тән ерекшелігін айқындайды. Әзіл-оспақ арқылы қарттардың өмір сүру салты да көрініс тапқан. Ағылшын мәдениетінде тағы да бір қалыптасқан мәселе аққұба қыздарды аңғал, аңқау етіп суреттеу.

Басқа халықтың әзілін түсіну үшін тек лингвистикалық білім ғана емес сонымен қатар өлкетанулық эрудиция да керек. Негізгі ақпараттың болмауынан оны түсінбеумен байланысты коммуникациялық мәселелер туындайды. Түсінбеушіліктің себебінің түбінде әлем бейнесіндегі сәйкессіздік жатыр, сондықтан ол лингвомәдени түсіндіруді қажет етеді. Мұндай коммуникативтік қарама-қайшылықты ескеру үшін әлемнің тілдік бейнесі ұғымын және онымен тығыз байланысты бөліктерін қарастыру қажет.

Мәдени ұғым бола отырып, әзіл-оспақ құндылық сипаттарға ие, яғни кез келген мәдениет иесінің күлкілі дискурс әлемінің тілдік бейнесін құрайтын негізгі өмірлік нұсқаулармен байланысты. Әзіл-оспақ бұл өз мағынасы жағынан адамның өзгермелі жағдайларға, белгілі деңгейде шынайылықпен оң көңіл-күймен келісу, ықшамдануының ыңғайлы жолы болып табылады.

В.И. Карасик және Г.Г. Слышкин тілді, сананы және мәдениетті кешенді зерттеу негізінде, лингвомәдени тұжырымдамалардың маңызды қасиеттерін талдай келе, олардың негізгі сипаттамаларын көрсетеді; лингвомәдениеттегі басқа бірліктерден өзгеше, менталдылық; лингвомәдени тұжырымдама басқа ментальді бірліктерден құнды элементтермен ерекшеленетін болғандықтан оның аксиологиялығы: шарттылығы (сананың бөлінуі зерттеу мақсатында жүзеге асады) және бұлыңғырлығы (тұжырымдамада нақты шегара жоқ); өзгермелілігі, тұжырымдаманың мазмұнын уақытқа байланысты қабылдау әртүрлі болады; жеке және ұжымдағы санада тұжырымдаманың болуымен шарттасқан тіл сөйлермені санасындағы шектеу; үшқұрылымдығы – тұжырымдама құрамында құндылық, бейнелік және түсіністік болады; полиапелляциялық (кез келген лингвомәдени тұжырымға көптеген апелляциялық жолдың болуы); көпмөлшерлік-тұжырымды үлгілеу үшін лингвомәдениеттің дәстүрлі бірліктері қолданылады; әдістемелік ашықтық және полиапелляциялық (лингвомәдениет аясында лингвистикалық және лингвистикалық емес әдістерді қолдануға мүмкіндік бар; тұжырымдамалар әртүрлі белгілер негізінде жіктеле алады).

Қорытынды

Осылайша, әзіл-оспақ дискурсын лингвомәдени тұрғыдан зерттеу белгілі бір этнос шеңберіндегі ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтауға, тиісті қоғамдастықтың мәдени доминанттарын тұжырымдамалар түрінде сипаттауға, сондай-ақ олардың материалдардағы бейнелеу тәсілдерін анықтауға бағытталды.

Әзіл-оспақтың лингвомәдени сипатын зерттеу тек тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ мәдениетаралық түсіністіктің дамуына да зор ықпал етеді.

Сонымен жұмысымызда қазақ және ағылшын тілдеріндегі әзіл-оспақ дискурсының лингвомәдени сипаттарындағы ұқсастықтарын, ерекшеліктерін анықтауға тырыстық.

Екі мәдениетте де әзіл-оспақ халқының дүниетанымы, өмір салты мен құндылықтарының ерекшеліктерін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде әзіл арқылы ақсақалдарға деген құрмет, қонақжайлылық және өнер өкілдері арасындағы жылы қарым-қатынас көрінеді. Бұл жағдайда метафоралар, мақал-мәтелдер, прагматикалық әдістер және синтаксистік ерекшеліктер сияқты тілдік құралдар белсенді қолданылады.

Ағылшын әзілдері өз кезегінде мәдени шындықтар мен стереотиптерді көрсетеді: фермерлер сияқты мамандықтарға құрмет, аңғал жұмысшының бейнесі, ұлттық сипаттың элементі ретінде ыдыс-аяқ қою әдебі дәстүрлері, карттардың өмір сүру ерекшеліктері, сондай-ақ аққұба қыздың бейнесі.

Мұның бәрі әзіл тек ойын — сауық құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени кодтары мен құндылықтарын жеткізудің маңызды әдісі екенін көрсетеді. Әзіл-оспақ дискурсы қазақ тіл білімінде мәдениетпен байланыстыра отырып әлі де терең зерттеуді қажет ететін сала.

ӘДЕБИЕТ

[1] Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксисінің бірліктерінің прагматикалық негіздері: фил., ғыл., док., диссертация. – Алматы, 2001. – 246 б.

[2] Дейк Т.А. ван. К определению дискурса. – Лондон, 1998. – 384 с.

[3] Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград, Перемена, 2002. – 477 с.

[4] Арутюнова Н.Д. Дискурс. Лингвистический Энциклопедический словарь. Советская энциклопедия. – Москва, 1990. – 136-137 с.

[5] Миронова Н.Н. Дискурс-анализ оценочной семантики. НВИ-ТЕРАЗУС, 1997. – 158 с.

[6] Наурызбайқызы Г., Садирова К.Қ. Дискурстың ұлттық ерекшеліктері. //Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы» журналы. – Алматы, 2023. – №2 (69). –Б.141-158.

[7] Постовалова В.И. Картина мира в жизнедеятельности человека. Язык и картина мира. — Москва: Наука, 1988 — 8-69 с.

[8] Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка. — Москва, Флинта, 2010. — 288 с.

[9] ...Деген екен!/Құраст. М.Ниязбеков. — Алматы: Өнер. Қ. — 1993—64 б.

[10] English jokes. <https://tululu.org/read-66574/?page=10> (Қаралған күні 01.04.2025)

[11] Александрова Е.М. Лингвостилистические особенности юмористического дискурса // Вестник Челябинского государственного университета. — №10 (301). — Челябинск, 2013. — С.51-56.

REFERENCES

[1] Ernazarova Z.Ş. Qazaq söileu tılı sintaksisiniñ birlikleriniñ pragmatikalıq negızderi [Pragmatic foundations of the units of the syntax of the Kazakh spoken language]: fil., ğyl., dok., dissertasiya. — Almaty, 2001. — 246 b. [in Kaz.]

[2] Deik T.A. van. K opredeleniu diskursa [Towards the definition of discourse].- London, 1998. — 384 s. [in Rus.]

[3] Karasik V. İ. İazykovoi krug: lichnost, konsepty, diskurs [The language circle: personality, concepts, discourse]. — Volgograd, Peremena, 2002. — 477 s. [in Rus.]

[4] Arutyunova N.D. Diskurs. Lingvisticheskij Enciklopedicheskij slovar'. Sovetskaya enciklopediya [The discourse. Linguistic Encyclopedic dictionary. The Soviet Encyclopedia]. — Moskva, 1990. — S. 136-137. [in Rus.]

[5] Mironova N.N. Diskurs-analiz osenochnoi semantiki [Discourse analysis of evaluative semantics]. — NVİ-TERAZUS, 1997. — 158 s. [in Rus.]

[6] Nauryzbaiqyzy G., Sadirova K.Q. Diskurstıñ űlttyq erekşelikleri [National features of discourse] // Abylai han atyndağy Qazaq halyqaralyq qatynastar jäne älem tilderi universitetiniñ «Habarşysy. Filologia ğylymdary seriasy» jurnaly. — Almaty, 2023. — №2 (69). — B.141-158. [in Kaz.]

[7] Postovalova V.İ. Kartina mira v jiznedeiatelnosti cheloveka. İazyk i kartina mira [The picture of the world in human life. Language and worldview]. — Moskva: Nauka, 1988. — S.8-69. [in Rus.]

[8] Alefirenko N.F. Lingvokűlturologia. Sennostno-smyslovoe prastranstvo iazyka [Cultural linguistics. The value-semantic space of language]. — Moskva, Flinta, 2010. — 288 s. [in Rus.]

[9] ...Degen eken!/Qűrast. M.Niazbekov[They say]. — Almaty: Öner.Q.—1993—64 b. [in Kaz.]

[10] English jokes. <https://tululu.org/read-66574/?page=10> (Qaralğan küni 01.04.2025) [in English]

[11] Aleksandrova E.M. Lingvostilisticheskie osobennosti iumoristicheskogo diskursa. [Linguistic and stylistic features of humorous discourse] // Vestnik Cheläbinskogo gosudarstvennogo universiteta. –2013. – №10 (301). – Cheläbinsk. – S. 51-56. [in Rus.]

ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЮМОРИСТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА (НА ОСНОВЕ КАЗАХСКИХ И АНГЛИЙСКИХ МАТЕРИАЛОВ)

*Рысмагамбетова Н.А.¹, Тектіғұл Ж.О.²

*^{1,2}Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
Актобе, Казахстан

Аннотация. В данной статье исследуется лингвокультурный характер юмористического дискурса в рамках антропоцентрической парадигмы лингвистического знания в соответствии с лингвокультурологическими и концептуальными исследованиями.

Через взаимосвязь языка и культуры в юмористическом дискурсе выявляются национальное мировоззрение и ценности. В ходе исследования рассматривается, как языковые и культурные элементы, используемые в юмористическом дискурсе, а также их культурные особенности напрямую влияют на культурный фон слушателя или читателя. Лингвистика всегда рассматривается как наука, изучающая язык в человеке и человека в языке.

Человек в процессе освоения какого-либо языка становится исследователем культуры этого языка. В познании культурных особенностей этого языка можно говорить о том, что он является основой понимания представителя этноса, что язык и культура неотличимы друг от друга. Эти обоснования являются фундаментальными составляющими изучения лингвокультурологии, объектом изучения которой являются все проявления народной культуры, сложившиеся в языке.

Цель научного исследования – выявить и проиллюстрировать лингвокультурные характеристики юмора на казахском и английском языках. Основные направления и идеи статьи – дать и описать понятие юмористического дискурса, рассмотреть понятие юмора определить его место в юмористическом дискурсе, дать характеристику. В статье использованы дискурсивно-аналитические, сопоставительные методы исследования.

Научная значимость статьи заключается в определении лингвокультурологического характера юмористического дискурса, поскольку лингвокультурология является крупнейшим направлением исследований лингвистики. Чтобы определить лингвокультурный характер юмористического дискурса, были сформулированы определения и

концепции исследователей относительно проблемы дискурса.

Практическое значение статьи-рекомендуется для использования в качестве дополнительных источников информации в юмористическом дискурсе и лингвокультурных исследованиях.

Ключевые слова: юмор, дискурс, лингвокультура, лингвокультурология, лингвистика, юмористический дискурс, язык, коммуникация

THE LINGUOCULTURAL CHARACTERISTIC OF HUMOROUS DISCOURSE (BASED ON KAZAKH AND ENGLISH MATERIALS)

*Rysmagambetova N.A.¹, Tektigul Zh.O.²

*^{1,2}Aktobe Regional university named after K.Zhubanov

Aktobe, Kazakhstan

Abstract. This article is about linguocultural nature of humorous discourse of the anthropocentric paradigm of linguistic knowledge in accordance linguoculturological and conceptual studies.

Through the interrelation of language and culture in humorous discourse, national worldviews and values are revealed. This study examines how linguistic and cultural elements used in humorous discourse, as well as their cultural specificities, directly influence the cultural background of the listener or reader. Linguistics is always regarded as a science that studies language within a person and the person within language.

A person in the process of mastering a language becomes a researcher of the culture of this language. In the knowledge of the cultural features of this language, we can say that it is the basis for understanding the representative of the ethnos, language and culture are indistinguishable. These justifications are fundamental components of the study of linguoculturology, the object of study which are all manifestations of folk culture that have developed in the language.

The purpose of the research is to identify and illustrate the linguistic, cultural characteristics of humor in Kazakh and English. The main directions and ideas of the article are to give and describe the concept of humorous discourse, to consider the concept of humor, to determine its place in humorous discourse, to give a characteristic. The article used discursive-analytical, comparative research methods.

The scientific significance of the article lies in determining the linguoculturological nature of humorous discourse, since linguoculturology is the largest area of linguistics research. In order to determine the linguocultural nature of humorous discourse, definitions and concepts of researchers regarding the problem of discourse were formulated.

The practical significance of the article is recommended for use as additional sources of information in humorous discourse and linguistic and cultural studies.

Keywords: humor, discourse, linguoculture, linguoculturology, linguistics, humorous discourse, language, communication

Мақала түсті: 05 қараша 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Рысмагамбетова Нургуль Аргинбаевна – хат хабар үшін автор, PhD докторанты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: aitokrayan@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9599-812X

Тектігүл Жанна Орынбасарқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: t.khamza@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9987-3105

Информация об авторах:

Рысмагамбетова Нургуль Аргинбаевна – автор для корреспонденции, PhD докторант, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан

e-mail: aitokrayan@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9599-812X

Тектигул Жанна Орынбасаровна – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан, e-mail: t.khamza@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9987-3105

Information about the authors:

Rysmagambetova Nurgul Arginbaevna – Corresponding author, PhD student, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan, , e-mail: aitokrayan@gmail.com, ORCID: 0000-0002-9599-812X

Tektigul Zhanna Orynbasarovna – Doctor of Philological Sciences, Professor, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: t.khamza@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9987-3105